


ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ



«А» гепатит – бауырды зақымдайтын вирустық инфекция. Ол нәжісті – ауыз жолымен, сумен, тамақ немесе күнделікті тұрмыс заттарымен берілетін жедел ішек, асқазан ауруларына жатады. Ауру адамдар ғана вирустық гепатитті таралу көзі болып табылады. Инкубациялық кезең орташа есеппен 35 күнді құрайды (диапазон 7-50 күн).

Этиологиясы А гепатит 1975 жылы ағылшын ғалымы С.Фейнстоунмен ашылған. Ұсақ, құрамында РНК-сы бар пекарний вирус тұқымдасына жатады. А гепатитінің вирусы сыртқы ортаның әсерлеріне өте төзімді: төмен және жоғары температураға сезімтал емес (60°C дейін қыздыру 30 минутқа шыдайды, 80°C температурада 5 минуттан кейін, қайнаған кезде – бірден өледі), көптеген химиялық заттардың әсеріне және ультракүлгін сәулеленуге төзімді. Вирус нәжісте 1 ай, суда 3-10 айға дейін сақталып, 100C температурада қайнатқанда 5 минут ішінде өледі. хлораминның 1г/л ерітіндісі үй температурасында вирус 15 минуттан кейін ғана ыдырайды.

Тарау жолдары. Тұрмыстық қатынас, алиментарлық, су арқылы, жыныстық жол арқылы тарауы мүмкін. Ана сүтінде вирус табылмаған. Жалпы планцентадан өте алмайды.

А вирустық гепатитіне шалдығу қатері жоғары, егер:

- бір шылымды бірнеше адам тартқанда;
- нәзік жұмыс атқаруға қолайлы болу үшін қолдың саусақтарын түкіріктегенде; ұсақ заттар ұстағанда, қағаз парақтарын, кітап және газет беттерін ауыстырғанда және т.б.
- тамақ түрлерімен бөліскенде: ортақ үзімнен тістес болғанда, бір бөтелке аузынан су ішкенде;
- жалпы фонтанчиктердегі суды сорып ішкенде;

А вирусты гепатитінің профилактикасы:

1. елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;
2. тұрмыстық жанасу жолымен берілуінің алдын-алу үшін мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде және басқа оқу орындарында, тиесілі санитарлық-гигиеналық жағдайды, ауыз су тәртібі мен жеке бас тазалығын сақтау үшін қарапайым шарттардың жасалуына (сабын, дәретхана қағазы) ерекше назар аударып, қамтамасыз ету;

3. санитарлық-гигиеналық талаптарды және техникалық қызметкерлерге жүргізу жүктелген буфеттерді, асханаларды, сантораптарды, сыныптық бөлмелерді күнделікті жуып жинау, дұрыстығын сақтауды қамтамасыз ету;

4. оқушыларды мектептің үй-жайларын жуып жинау үшін тартуға қатаң тиым салу;

5. А вирусты гепатитінің өзіндік алдын-алу – вакцинациялау.

Вакцинациялауға жататын контингенттер:

- 1) 2 жастағы балалар;
- 2) Қарым-қатынаста болған 14 жасқа дейінгі балалар;

Вакцинациялау 6 ай аралықпен 2 рет жүргізіледі.

А.ЕСАЛИЕВА,

Жетісай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.

ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫҚ – ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

ЖРВИ (жедел респираторлық-вирустық инфекция) немесе ЖРА (жедел респираторлық ауру) — тыныс алу ағзаларының вирустар және бактериялармен қабынулық зақымдануы. Күнделікті өмірде ЖРВИ-ді салқын тию немесе грипп деп атайды.

ЖРВИ жылдың суық мезгілінде әр түрлі вирустар: грипп, парагрипп, аденовирустар, респираторлық-синцитиальді вирустар, риновирустар, коронавирустар, парагрипп және т.б. әсерінен дамиды, қазан айынан сәуір айы аралығында және ақпан айында өршумен өтеді. Микоплазмамен шақырылған инфекциялар күз айының басында, ал пневмококты және стрептококты А тобының инфекциялары көктем айында өршиді. ЖРВИ ауа-ташмы, ауа-шаң, тұрмыстық (үйде қолданылатын тұрмыстық заттар арқылы), алиментарлы жолдар (тамақ, ішетін су) арқылы беріледі. Аурудың бастапқы кезеңінде вирус тыныс жолдарының кіреберіс қақпағында дамиды, яғни мұрында, жұтқыншақ және көмейде, төменгі тыныс алу жолдары- бронх, өкпеде дамиды. Ол мынадай симптомдармен көрінеді: әлсіздік, жарықтан қорқу сезімі, қалтырау, буын және бұлшық етте ауыру сезімі, бас ауыру, жетел, тамақта ауыру сезімі, мұрынның бітелуі, тамақтың жыбырлауы, дауыстың қырылдауы, дене қызуының көтерілуі, терлегіштік, кейде құсу, жүрек айну.

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК: Аурудың алғашқы күндері төсектік режим, жанындағы адамдарды жұқтырмау мақсатында бөтперде тағу ұсынылады. Көп мөлшерде сұйықтық (дәрумендік компот, шырын, шәй, қайнатпалар) ішу, емдәмді ұстану (ауыр емес, дәрумендерге бай, нәрлі тамақ) ұсынылады.

ЕМІ: ЖРВИ симптомдары пайда



болған сәттен бастап аурудың асқынуының алдын алу және бактериялық, микст- инфекциялармен диагностика жасау мақсатында адамдармен қатынасқа түспей, жергілікті поликлиника немесе СВА –ның фильтр кабинетіне фельдшер немесе терапевт, ВОП қаралу қажет. Науқас өзін-өзі емдеу және дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеуі қатерлі асқынуларға (вирустық пневмония, екіншілік бактериялық пневмония, тыныс жетіспеушілігі, менингит, отит, синусит) алып келуі мүмкін. Антибиотиктердің вирусты жұқпаға ешқандай әсер етпейтінін және жұқпадан кейінгі асқынулар кезінде ғана дәрігер-терапевт, отбасылық дәрігер тағайындалатынын есте сақтаған жөн!

Алдын алу шаралары: Дене шынықтыру; Жеке бас тазалығын сақтау; Салауатты өмір салтын сақтау (зиянды әдеттерден бас тарту); Қазан, қыркүйек айларында маусымдық тұмауға қарсы вакцинация; Эпидемия және ЖРВИ кезінде бөтперде тағу.

Д.АБДЕШОВА,

Жетісай аудандық СЭББ-ның басшы орынбасары.

ЖАТЫР МОЙНЫ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына қосымша 2024 жылғы 20 ақпандағы № 102 «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық егулер жүргізілетін аурулардың тізбесіне», 11 жастағы қыз балаларға адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинацияны енгізу оларды жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және профилактикалық егуге жататын халық топтарын бекіту туралы» өзгерістер енгізіліп, қазіргі таңда жасөспірім қыз балалар арасында вакцинация жүргізілуде.

АПВ жатыр мойны обырын тудырады. Жоғары онкогендік қауіпті АПВ-ны жұқтыру ол жұқтыратын жасушаларда өзгерістер (обыралды зақымданулар) тудыруға және обырды тудыруға мүмкін. АПВ-ға жиі әсер ететін анатомиялық аймақ жатыр мойны болғандықтан, осы ағзаның онкологиялық аурулары біздің әйелдердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, бұл аурудан 600-ден астам әйел қайтыс болады. Жатыр мойны обыры 25 пен 44 жас аралығындағы әйелдерде жиі кездесетін онкопатологиялардың арасында 2-ші орында тұр.

Аурудың себептері және қауіп факторлары: Қазіргі уақытта аурудың адам папилломасы вирусымен (АПВ) және жатыр мойны қатерлі ісігінің даму қаупімен байланысы дәлелденген болып саналады. Дисплазия мен жатыр мойны обырының пайда болу қаупі бар әйелдерге жатады:

- Жыныстық өмірдің ерте басталуы;
- Ерте алғашқы жүктілік
- Әйелдерде немесе оның жыныстық серіктесінде папилломавирустық немесе герпетикалық инфекцияның болуы;
- Анамнезінде жиі түсік жасату;
- Темекі шегу;
- Ауыр тұқым қуалаушылық;
- Иммундық тапшылық жағдайы;

Аурудың белгілері: Жатыр мойны обыры ұзақ уақыт бойы симптомсыз болатын ісіктерге жатады. Клиникалық белгілердің пайда болуы ісіктердің дамуын көрсетеді, бұндайда әйелдер мыналарға жиі шағымданады:

- Іштің төменгі бөлігіндегі ауырсыну; қанды болуы мүмкін немесе қатерлі ісіктің дамыған түрлерінде инфекцияның қосылуы немесе басқа жамбас ісіктерінің өнуі нәтижесінде пайда болады (жүйкенің бірігіуі, жамбас қабырғалары).
- Аяқ-қолдардың, сыртқы жыныс мүшелерінің ісінуі дамыған және асқынған жағдайларда аурудың дамуымен жүреді.
- Ішек және қуық функциясының бұзылуы. Кейіннен бүйректің жұмысын тоқтатумен несепағардың метастатикалық лимфатикалық түйіндерін механистік бастырумен байланысты зәрдің кідірісі.

Бүгінгі таңда АПВ-ның емі жоқ, алдын алудың жалғыз әдісі – вакцинациялау. Жатыр мойны обырының (ЖМО) дамуы әйелдің АПВ-ны жұқтыруына байланысты екендігі ғылыми дәлелденген. Обыралды аурулар сирек симптомдармен бірге жүретіндіктен, АПВ-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген болса да жатыр мойны обырына үнемі скрининг жүргізу маңызды.

С.Т.СЕРИКБАЕВ,

Жетісай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АИГ Kazakhstan» ЖШС Жетісай мақта өндіру заводы мен Шардара мақта өндіру заводы арналып жасалған ШНШ, ҚББ, ЭЭБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары мен «Қоршаған ортаны қорғау» жобалық бөлімі бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қызылқұм а.о., Қызылқұм а., Алия Молдагулова көш., 27 ғимарат.

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 19 ақпан сағат 16:30-де.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Темір жол көш., 63.

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 19 ақпан сағат 11:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады esportal.kz, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «АИГ Kazakhstan» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам НДВ, ПУО, Программы ПЭК, План мероприятий по охране окружающей среды и проект Раздел ООС для Жетысайского хлопкоперерабатывающего завода и Шардаринского хлопкоперерабатывающего завода.

Место проведения: Туркестанская область, Шардаринский район, Кызылкумский с.о., с.Кызылкум, ул. Алия Молдагулова, зд 27.

Дата и время проведения: 19 февраль 2025 года в 16:30.

Место проведения: Туркестанская область, Жетысайский район, г. Жетысай, ул. Темир жол, 63.

Дата и время проведения: 19 февраль 2025 года в 11:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> Местного Исполнительного Органа

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> танысуға болады Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала ш.а., 160 кварт., 32 көше e-mail: r.malik@ontustik.gov.kz.

Бастамашы: «АИГ Kazakhstan» ЖШС, мекен-жайы: ҚР, Шымкент қ., Ә.Диваев көш., 9. БСН 130440027458, тел. +77252982087

Орындаушы: «Эко-Тест» ЖШС, БСН 080240010964 Шымкент қ., Физкультурник өткелі, 5 ұй. тел. +77711515038. Email: zhakayev@mail.ru

«АИГ Kazakhstan» ЖШС барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: zhakayev@mail.ru, r.malik@ontustik.gov.kz.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Шымкент қ., Физкультурник өткелі, 5 ұй мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +77252982087

Шардара мақта өңдеу зауытының географиялық координатасы:

Ендік: 41°54'23.52"C

Белдік: 67°59'23.47"В

Жетісай мақта өңдеу зауытының географиялық координатасы:

Ендік: 40°45'1.39"C

Белдік: 68°18'52.09"В

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: г. Туркестан, мкр. Новый город, кварт. 160, ул. 32. e-mail: r.malik@ontustik.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО «АИГ Kazakhstan» адрес: РК, г. Шымкент, Аль-Фарабиский район, ул. А. Диваева, 9 БИН 130440027458, тел. +77252982087

Исполнитель проекта: ТОО «Эко-Тест», БИН 080240010964. г. Шымкент, проезд Физкультурников, дом 5. тел. +77711515038. Email: zhakayev@mail.ru

ТОО «АИГ Kazakhstan» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zhakayev@mail.ru, r.malik@ontustik.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: г. Шымкент, проезд Физкультурников, дом 5 По всем вопросам обращаться по телефонам: +77252982087

Географические координаты Шардаринского хлопкоперерабатывающего завода.:

Широта: 41°54'23.52"C

Долгота: 67°59'23.47"В

Географические координаты Жетысайского хлопкоперерабатывающего завода.:

Широта: 40°45'1.39"C

Долгота: 68°18'52.09"В